


ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІ



Сабақтың мақсаты:



Білімділік: Жаңа тақырыпты меңгерту.

Тыныс алу мүшесі туралы түсініктерін кеңейту.

Дамытушылық: Оқушылардың ойлау қабілетін, өз бетінше жұмыстануын дамыту. Өзін-өзі бақылау, бағалауға үйрету.

Тәрбиелілік: Өмірімен байланыстыра отырып, өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Сабақтың әдісі: Білімді жүйелеу

Көрнекілігі: Интерактивті тақта

Тест

1. Организмнің ішкі ортасын не құрайды ?

- А) лимфа
- Ә) өт
- Б) қан
- В) асқазан сөлі
- Г) ұлпа сұйықтылығы

2. Қан плазмасының құрамы неден тұрады ?

- А) тромбоциттер, қан сарысуы
- Б) лейкоциттер, фибриноген
- Ә) эритроциттер, қан сарысуы
- В) қан сарысуы, фибриноген

3. Эритроциттер қайда түзіледі ?

- А) бауырда, көк бауырда
- Ә) сүйектің қызыл кемігінде, көкбауырда
- Б) лимфа түйіндерінде
- В) лимфа түйіндерінде, сүйектің қызыл кемігінде

4. Эритроциттер қай жерде бұзылады?

- А) сүйектің қызыл кемігінде
- Ә) бауырда
- Б) бауырмен көк бауырда
- В) лимфа түйіндерінде

5. Лейкоциттер қайда түзіледі

- А) сүйектің қызыл кемігінде
- Ә) бауырда
- Б) бауырда, көк бауырда
- В) лимфа түйіндерінде

6. Қанның ұюына не қатысады ?

- А) Эритроциттер
- Ә) Лейкоциттер
- Б) тромбоциттер
- В) қызыл қан жасушалары

7. Қанның ұюына тромб түзілуіне қандай нәруыз қатысады ?

- А) глобулин
- Б) инсулин
- Ә) фибриноген
- В) гемоглобин

8. Артериялық қысым қай кезде ең көп болады ?

- А) жүрекше жиырылғанда
- Ә) қарынша жиырылғанда
- Б) қарынша босансығанда
- В) жалпы босансығанда


9. Қан қысымы неде жоғары болады?

- А) артерияда
- Ә) венада
- Б) капиллярда
- В) артериолада

10. Тамырдың соғуы деген не ?

- А) жүрекшелердің ырғақты жиырылуы
- Ә) артерия қабырғасының ырғақты тербелісі
- Б) қанның венамен қозғалуы
- В) артериялық қысым


Тыныс алудың маңызы:



Тыныс алу дегеніміз ағза және сыртқы орта аралығындағы газ алмасу үрдісі. Тыныс алу жүйесінің қызметі ағзаны оттегімен қамтамасыз етіп, түзілген көмірқышқыл газын шығарып отырады.

Мұрын қуысы пердемен екі жартыға оң және сол жаққа бөлінген. Сыртқы ортамен танау тесіктері арқылы қатынасады. Кеңсіріктің ішкі қабырғасына енген ауаны жылытатын өте көп қан тамырлары торлап

жатады. Мұрын қуысында орналасқан түктер ауамен бірге кіретін шаң-тозаңды, ал шырыш микробтарды сүзіп қалады.



Көмей - ауаны

жұтқыншақтан

кеңірдекке өткізеді.

Көмей-іші қуыс түтік, ол мойынның алдыңғы

бөлігінде орналасқан.

Көмей шеміршектері

арасында екі дыбыс

сіңірлерін түзілетін

сілемейлі қабаттар

болады. Ал арасындағы

кеңістік дыбыс саңылауы

деп аталады.



Кеңірдек-ұзындығы
9-13 см, диаметрі 15мм.
Өңештің алдында
орналасатын түтік.
Сақина
тәрізді 16-20
шеміршектен
тұрады.
Кеуде омыртқасы
деңгейінде кеңірдек
негізгі екі бронхыға
бөлінеді.


Бронхылар:



Оң және сол жақ өкпеге кіреді. Содан кейін тармақталып, бронхы ағыны түзіледі. Ең ұшындағы жіңішке бұтақшалары бронхиола деп аталады.

Өкпенің құрылысы

- Өкпе кеуде қуысында орналасқан. Оң жақ өкпе үш бөліктен, сол жақ өкпе екі бөліктен тұрады.
- Өкпенің сыртқы дөңес бетін қабырғалар қоршайды, ал ішкі, ойыс, жүрек жақ бетінде өкпе қақпасы орналасқан. Өкпе қақпасы арқылы негізгі бронхылар, өкпе артериялары, жүйкелер кіріп, веналар мен лимфа тамырлары шығады.
- Өкпе көптеген көпіршіктен – альвеолалардан тұратындықтан борпылдақ құрылысты.



Қорытынды:

Тынысалу деп организм мен сыртқы орта арасындағы оттегі түсіп, көмірқышқыл газының шығарылуымен байланысты жүретін газ алмасу процесін айтады. Адам үнемі сыртқы ортадан қоректік заттарды, суды және оттегіні алады. Оттегі адам өмірі үшін аса маңызды. Оттегі ұлпалардағы тотығуға қатысады.

Тынысалу деп мүшелер мен қоршаған ортаның арасындағы газ алмасуды айтады. Тыныс алуға қатысатын мүшелер тыныс алу жүйесін құрайды. Бұл жүйенің мүшелерін екіге бөледі: тыныс жолдары және басты тыныс алу мүшесі – өкпе. Ауа сырттан өкпеге және өкпеден сыртқа қозғалатын қуыстар – тыныс жолдарына мұрын қуысы, көмей, кеңірдек, және бронхылар жатады. Мұрын қуысының құрылысы – ауа танау арқылы мұрын қуысына кіреді. Мұрын қуысы кеңсірік шеміршегі арқылы оң және сол жақ бөліктерге бөлініп, жұп танау тесіктері арқылы сыртқа ашылады да ішкі жағы жұтқыншақпен қосылады. Көмекей – мойынның алдыңғы жағында орналасқан іші қуыс шеміршекті мүше. Кеңірдек – көмекейдің жалғасы, іші қуыс түтік пішінді шеміршекті мүше. Ол өңештің алдыңғы жағында орналасқан, ұзындығы шамамен 9 – 12 см, диаметрі 15 – 18 мм. Өкпе – кеуде қуысының қабырғасына жанаса орналасқан серпімді, кеуекті мүше. Өкпеде қантамырлары көп болғандықтан, түсі қызғылт. Адамда 2 өкпе болады:

Оң жақ өкпенің жүлгелері – үш бөлікке

Сол жақ өкпені екі бөлікке бөледі.

Сөз сызба



М	Д	Ы	Б	Ы	С
Ұ	А	Ң	Қ	А	С
Р	К	Ө	Ы	Р	І
Ы	Е	М	Б	Ғ	Ң
Н	П	Е	А	А	І
Ө	К	Й	Қ	І	Р

Кім тапқыр



Мұрын қуысының маңызы қандай?

Тыныс алу жүйесі қандай мүшелерден тұрады?

Дыбыс сіңірлері қайда орналасқан?

Үйге тапсырма:



*Тыныс алудың маңызы. Тыныс алу мүшелерінің
құрылысы және қызметі*

*Зейін қойып тыңдағаныңызға
рахмет!*

